

## "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 1-ш шешімі. Костанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 8450 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Бөрлі ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі Бөрлі ауылы аумағында орналасқан, жалпы көлемі 1,0580 гектар жер участкесінде талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бөрлі ауылдық округінің әкімі

A. Сагынбек